

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
25.12.2019 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 25.12.2019 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Шанхай ынтымақтастық ұйымының экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі конвенциясын ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Осы мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Нұрғали Дәулетбекұлы Білісбеков мырзаға беріледі.

БІЛІСБЕКОВ Н.Д. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауыңызға «Шанхай ынтымақтастық ұйымының экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі конвенциясын ратификациялау туралы» Заң жобасын ұсынып отырмыз.

Конвенцияға Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттің басшылары 2017 жылғы 9 маусымда Астана саммитінде қол қойған.

Құжат Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекет басшылары кеңесінің жоғарыда аталған конвенция жобасын әзірлеуге қатысты 2015 жылғы 10 шілдедегі шешіміне, сондай-ақ ұйымға мүше мемлекеттердің 2016 – 2018 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасына сәйкес әзірленді.

Конвенцияның мақсаты – Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің экстремизмге қарсы іс-қимылда өзара әрекеттестігін арттыру.

Конвенцияны әзірлеуге Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымының нормативтік базасын жетілдіру қажеттігі туралы осы ұйымның құзыретті органдарының ақпараты негіз болды.

Конвенция экстремизм түсінігін тұңғыш рет халықаралық деңгейде деструктивті көрініс ретінде белгілейді және оның мазмұны мен экстремистік іс-әрекеттің негізгі түрлерін анықтайды.

Конвенция Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің экстремизмге қарсы күрес саласында өзара іс-қимылын қалыптастырады және тараптардың заңнамаларын біркелкі қылуға себепші болады.

Конвенцияны іске асыру:

Шанхай ынтымақтастық ұйымы елдерінің аумағына экстремистік ұйымдардың мүшелерін кіргізбеу үшін шекаралық ынтымақтастықты күшейтуге;

экстремизмге қарсы шаралар әзірлеу мен іске асыруда халықаралық және өңірлік ұйымдармен өзара іс-қимылды арттыруға;

экстремизмге қарсы іс-қимылдың насихатталуын, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет желісінде күшейтуге;

экстремистік идеологияның таралуын уақытылы анықтау және жолын кесу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдары мен интернет желісіне мониторинг жүргізуді арттыруға;

азаматтарды экстремизмге саналы түрде қарсы тұруға бағытталған мәдени дәстүрлерді, рухани, өнегелі және патриоттық тәрбиені күшейтуге мүмкіндік береді.

Бұның бәрі Қазақстан үшін маңызды әрі тәжірибелік жағынан пайдалы.

Конвенцияны іске асыру қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізуді, сондай-ақ жаңа заңдар мен өзге де нормативтік актілер қабылдауды талап етпейді, себебі әрбір мемлекетте күшінде тұрған нормативтік актілерді қолданатын болады.

Заңды қабылдау республикалық бюджеттен қосымша қаржы бөлуді де талап етпейді, сондай-ақ әлеуметтік-экономикалық және құқықтық теріс салдарларға әкеп соқтырмайды.

Осыған орай ұсынылып отырған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті депутаттар, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Дулатбеков Нұрлан Орынбасарұлына беріледі.

ДУЛАТБЕКОВ Н.О. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Қаралып отырған конвенцияны қабылдау Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің ынтымақтастығын нығайтуға және экстремизмге қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыруға ықпал ететін болады. Сондықтан да бұл заңның дұрыстығын, күмәнсіздігін қолдау керек.

Құрметті Нұрғали Дәулетбекұлы! Қаралып отырған конвенция тараптардың экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы өзара іс-қимылына арналған. Сонымен қатар 2002 жылғы 7 маусымда Санкт-Петербуркте Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасында өңірлік терроризмге қарсы құрылым туралы келісімге қол қойылғанын атап өткім келеді.

Аталған келісімнің 3-бабына сәйкес өңірлік терроризмге қарсы құрылым тұрақты жұмыс істейтін орган болып табылады. Және ол тараптардың құзыретті органдарының терроризмге, сепаратизмге және экстремизмге қарсы күрестегі өзара іс-қимылына арналған. Осыған байланысты сұрағым бар.

Осы екі халықаралық құжаттың нормалары бірін-бірі қайталамай ма? Және экстремизмге қарсы іс-қимыл бөлігінде өңірлік терроризмге қарсы құрылымның маңызды рөлі қандай болады? Осыны түсіндіріп берсеңіз.

БІЛІСБЕКОВ Н.Д. Сұрағыңызға рақмет.

Бұл екі құжат бірін-бірі қайталамайды, себебі конвенция экстремизмге қарсы іс-қимыл саласындағы тараптардың құзыретті органдарының өзара іс-

қимылын нақтылайды. Ал өңірлік терроризмге қарсы құрылым туралы келісім осы халықаралық институттың міндетін және құрылымын белгілейді.

Өңірлік терроризмге қарсы құрылымның рөліне келетін болсақ, ол тараптардың құзыретті органдарының жұмыстарын үйлестіріп, өзара іс-қимылдарын қамтамасыз етеді.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Пішембаев Мейрам Құдайбергенұлына беріледі.

ПІШЕМБАЕВ М.Қ. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Мой вопрос адресован к представителю Генеральной прокуратуры.

Пунктом 7 статьи 11 конвенции оговаривается возможность передачи осужденного лица для отбывания наказания на территории другой страны. При этом предусматривается необходимость согласия осужденного лица. Вместе с тем, конвенцией не регламентируется порядок получения согласия.

Как в данном случае будет решаться процессуальная сторона получения согласия осужденного лица?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, представитель Генеральной прокуратуры Нурахметов Айбек Аскаревич.

НҰРАХМЕТОВ А.А. Я благодарю за вопрос.

Действительно, данная конвенция предусматривает возможность передачи осужденных между государствами-членами данной конвенции. Детально порядок передачи и, в частности, получения согласия на передачу регламентирован нашим Уголовно-процессуальным кодексом, а именно – разделом 12 «Международное сотрудничество в сфере уголовного судопроизводства» Уголовно-процессуального кодекса.

ТӨРАҒА. Ясно. Спасибо.

Сөз депутат Бектұрғанов Ерсұлтан Өтеғұлұлына беріледі.

БЕКТҰРҒАНОВ Е.Ө. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Нұрғали Дәулетбекұлы! Осы қаралып отырған конвенцияның 17-бабында былай деп көрсетілген: «Сұрау салушы Тараптың жіберілген құзыретті органдарының қызметкерлері сұрау салынатын Тараптың заңнамасына және қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес сұрау салынатын Тараптың аумағында жедел-іздістіру іс-шараларын және тергеу әрекеттерін жүзеге асыру кезінде қатыса алады». Осыған байланысты менің сұрағым бар.

Сұрау салынатын тарап сұрау салушы тараптың құзыретті органдарының қызметкерлерінің қатысуынан бас тарта ала ма? Ал егер бас тартатын болса, бұл қандай жағдайларда бас тартылады? Бұл туралы конвенцияда ештеңе айтылмаған. Осы туралы айтып берсеңіз. Рақмет.

БІЛІСБЕКОВ Н.Д. Сұрағыңызға рақмет, Ерсұлтан Өтеғұлұлы.

Өзіңіз айтқандай, конвенцияның 17-бабында «рұқсат алған жағдайда» деген сөз бар. Рұқсат бермеуімізге де жағдай бар, егер мемлекеттік құпияға, сондай-ақ мемлекеттік қауіпсіздікке әсер ететін жағдайлар болса, сұраушы тараптар қызметкерінің біздің іс-әрекетке қатысуынан бас тартуымызға мүмкіндік бар.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Аронова Ирина Петровнаға беріледі.
АРОНОВА И.П. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Уважаемый Нурғали Даулетбекович! Статьей 1 конвенции предусматривается повышение эффективности сотрудничества сторон по противодействию экстремизму. При этом в соответствии со статьей 6 сотрудничество осуществляется компетентными органами, которые определяются каждой стороной самостоятельно.

Вместе с тем, статьей 7 определяются 11 мер противодействия экстремизму, осуществляемых на национальном уровне. Вы сейчас в своем докладе отметили, что помимо мер, напрямую связанных с противодействием экстремизму и выполняемых силовыми ведомствами, предусматриваются такие меры, как укрепление культурных традиций, духовного, нравственного и патриотического воспитания.

Поясните, пожалуйста, какие государственные органы будут участвовать в реализации рассматриваемой конвенции кроме силовых структур? Спасибо.

БІЛІСБЕКОВ Н.Д. Большое спасибо за вопрос.

Действительно, в конвенции по этой части заложен обширный круг вопросов. При координации именно Министерства информации и общественного развития в реализации конвенции будет участвовать широкий круг государственных органов, в частности, Министерство культуры и спорта, Министерство образования и науки и другие государственные органы, а в части силовой составляющей – Генеральная прокуратура и Комитет национальной безопасности.

Кстати, мы будем участвовать и в части контрпропаганды. В Казахстане функционирует Антитеррористический центр, на площадке которого эти вопросы тоже обсуждаются, принимаются решения. Есть межведомственная комиссия, возглавляемая Вице-Премьером Сапарбаевым, в которой как раз эти вопросы координируются Министерством информации и общественного развития.

Я думаю, что компетентные органы будут определены Указом Президента. После ратификации мы обсудим и внесем предложения в Администрацию Президента.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз депутат Смағұлов Асылбек Айжарықұлына беріледі.

СМАҒҰЛОВ А.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Нұрғали Дәулетбекұлы! Өзіңіз білесіз, 4-бапта көрсетілгендей, бұл конвенцияға қатысушы мемлекеттердің экстремизмге қарсы іс-қимыл саласында бірлесіп әрекет жасауына арналған.

Қазақстан діни экстремизм мен радикализмге қарсы халықаралық іс-қимыл процесіне белсене қатысып отыр. Еліміз бұл проблема бойынша тиісті зерттеулер жүргізіп, онымен өңірлік және әлемдік деңгейде күресу үшін әртүрлі жаһандық бастамалар ұсынып жүр.

Конвенцияның 7-бабының 3) тармақшасында экстремистік ұйымдар мүшелерінің Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің аумағына кіруіне жол бермеу үшін шекаралық ынтымақтастықты күшейту белгіленген. Бұл экстремизмге қарсы маңызды іс-қимыл шараларының бірі болып табылады. Сіздер еліміздің аумағында экстремистік ұйым мүшелерінің кіруіне жол бермеу үшін шекаралық ынтымақтастықты күшейтуде қандай шаралар қабылдап жатырсыздар? Рақмет.

БІЛІСБЕКОВ Н.Д. Сұрағыңызға рақмет.

Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымы аясында тараптардың шекара қызметтері өзара іс-қимылдарын қамтамасыз етеді. Тұрақты түрде жылдың әр тоқсаны сайын осы қызметтердің сарапшылар тобы жиналып, қажетті шешімдерді қабылдайды. Жылына кемінде бір рет шекара ведомстволарының басшылары бас қосып, отырыс өткізеді. Отырыста қажетті шешім қабылдап, оны жүзеге асырады. Бұл тәжірибе «Ынтымақтастық» деген бірлескен шекара операциялары арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, 2019 жылы Қазақстанның шекара қызметкерлері іздеуде жүрген шетелдік 10 адамды ұстап, басқа елдерге қайтарды. Сондай-ақ Ұлттық қауіпсіздік комитеті жедел-іздеу жұмысын ұйымдастырады. Осы жұмыстың барысында біз 2019 жылы шетелдік 31 азаматты ұстадық. Олардың бәрі терроризмге, экстремизмге қатысы бар адамдар. Олардың бәрі өз елдеріне қайтарылды.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Олейник Василий Ивановичқа беріледі.

ОЛЕЙНИК В.И. Спасибо, уважаемый Нурлан Зайруллаевич.

Мой вопрос к представителю Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности.

Сегодня международный экстремизм в своей противоправной деятельности активно использует информационные технологии.

Согласно статье 7 рассматриваемой конвенции каждая сторона в соответствии с основополагающими принципами ее правовой системы разрабатывает и осуществляет меры на национальном уровне по противодействию экстремизму, которые также могут включать усиление пропагандистской деятельности, мониторинг СМИ и сети интернет в целях своевременного выявления и пресечения экстремистской идеологии, ограничение доступа к экстремистским материалам, размещенным в информационных, телекоммуникационных сетях.

В этой связи скажите, пожалуйста, как выстроена работа в нашей стране по противодействию использованию интернета в экстремистских целях, особенно в части выявления материалов противоправного характера с последующим их блокированием или удалением? Рақмет.

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Спасибо за вопрос.

Порядок противодействия использованию интернет-ресурсов, пропагандирующих терроризм и экстремизм, регламентирован законами «О средствах массовой информации» и «О связи». Между государственными

органами налажен взаимообмен соответствующей информацией. В этом процессе задействованы ресурсы Министерства информации и общественного развития, Министерства внутренних дел, Генеральной прокуратуры и Комитета национальной безопасности. В свою очередь, Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности решает в основном вопросы технического характера, а именно – вопросы блокирования и удаления противоправного контента.

Можно привести в качестве примера, что с начала года администрациями (собственниками) интернет-ресурсов по нашей инициативе удалено свыше 30 тысяч материалов террористического и экстремистского характера. По предписанию уполномоченного органа ограничен доступ более чем к 17 тысячам интернет-ресурсам, распространяющих идеологию экстремизма и терроризма.

В настоящее время есть хорошая инициатива – внедряется система «Кибернадзор», которая позволяет повысить эффективность взаимодействия в этой работе посредством внедрения автоматизированной системы. Спасибо.

ТӨРАҒА. Дарын Шылбынович, то есть у нас эффективная система по выявлению и блокированию? Как Вы считаете?

ТҰЯҚОВ Д.Ш. В целом система эффективна, она доказала свою необходимость. В настоящее время есть некоторые поправки, которые мы подготовили с целью того, чтобы еще более повысить эффективность данной деятельности.

ТӨРАҒА. А в чем проблема?

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Проблема в том, что раньше вопросы IT и средств массовой информации были сосредоточены в одном министерстве – Министерстве информации и коммуникаций. После проведения реорганизации технические функции перешли в Министерство цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности, а мониторинг – в новое Министерство информации и общественного развития.

ТӨРАҒА. Извините, я поэтому и задал Вам вопрос. В связи с реорганизацией получилось, что у семи нянек дитя без глазу. Одни специальные и правоохранительные органы этим занимаются, а вы, кто должен блокировать и, самое главное, кто должен выявлять, потеряли полностью сегодня контроль над этим, потому что одно осталось в одном ведомстве, рычаг остался там, а у вас осталось только, что называется, на бумаге. Что нужно для этого, чтобы быстрее все отдать в одни ваши руки и вы отвечали бы в стране за это?

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Мы подготовили новые изменения в закон о цифровых технологиях, которые сейчас находятся на согласовании, и эти функции передаем в Министерство информации и общественного развития. Все это будет находиться в одном месте, тогда будет более эффективно. Поскольку мониторинг находится у них, соответственно, им будет проще...

ТӨРАҒА. А технически кто это будет делать?

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Уполномоченный орган.

ТӨРАҒА. Кто?

ТҰЯҚОВ Д.Ш. Государственная техническая служба.

ТӨРАҒА. Она при вас находится?

ТҰЯҚОВ Д.Ш. При Комитете национальной безопасности.

ТӨРАҒА. Вам в Правительстве надо быстрее разбираться. Там начальник, здесь начальник. У трех-четырех органов все размазали, а четкой работы, особенно по выявлению материалов противоправного характера с последующим их блокированием либо удалением, нет. Понимаете, о чем речь?

Сөз депутат Ержан Құдайберген Төлепұлына беріледі.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті Нұрғали Дәулетбекұлы! Конвенцияның 10-бабының 4-тармағында заңды тұлғалардың жауаптылығын белгілеу осы заңды тұлғаның қызметіне қатысатын және конвенцияда қамтылатын қылмыс жасаған жеке тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын жоққа шығармайтыны көзделеді.

Бұл заңды тұлға басшыларының нұсқауы бойынша жасаған өз әрекеттері үшін жұмыскерлердің – жеке тұлғалардың жауапты болатынын білдіре ме?

Мысалы, қандай да бір компанияның шотына ақша аударуды оны бухгалтері білмеуі де мүмкін. Осы орайда қаржыландыруға қатысушы болып қалған бухгалтер оған жауапты бола ма? Рақмет.

БІЛІСБЕКОВ Н.Д. Сұрағыңызға рақмет.

Заңды тұлғаның қызметкерлері олардың басшылары нұсқау беру-бермеуіне қарамастан жауап береді. Если будет указание или даже не будет указания, физическое лицо будет нести уголовную ответственность при наличии доказательств его вины, умысла к совершению преступления, конечно, при обязательном условии, что в его действиях будут присутствовать полные признаки состава преступления. В этих случаях он понесет ответственность.

ТӨРАҒА. То есть в каждом случае будет разбираться роль каждого в цепочке или звене, какая у него была роль. В соответствии с этим он будет нести ответственность.

БІЛІСБЕКОВ Н.Д. Так точно.

ТӨРАҒА. Сонымен сұрақтарымыз аяқталды.

Нұрғали Дәулетбекұлы, рақмет Сізге. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Жарасов Жанат Абдоллаұлына беріледі.

ЖАРАСОВ Ж.А. Рақмет, құрметті Нұрлан Зайроллаұлы.

Құрметті әріптестер! Қаралып отырған заң жобасының мақсаттары мен міндеттері туралы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының орынбасары Нұрғали Дәулетбекұлы толық баяндап берді.

Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан ұлттық және халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселесіне ерекше маңыз береді. Елімізде өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі міндеттері шеңберінде терроризм

мен экстремизмге қарсы іс-қимыл бойынша басқа мемлекеттермен бірлесіп екіжақты және көпжақты негізде нақты шаралар қабылданады.

Жаңа қауіптер мен қатерлерге деген қауіпсіздік пен жедел іс-қимылды қамтамасыз етудің құқықтық және ұйымдық тетіктері әзірленді және енгізілді.

Осы бағытта беделді халықаралық құрылымдар арқылы әріптестік жүзеге асырылуда.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы – өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимыл үйлестірудің маңызды құралдарының бірі.

Қазақстан осы ұйымға мүше мемлекеттерімен біріге отыра экстремизмге қарсы өзара іс-қимылды күшейтуге, олардың тиімділігін арттыруға күш-жігерін салады. Қаралып отырған заңның жобасы осы саладағы ынтымақтастықтың дамуын растайды.

Конвенцияға сәйкес тараптар экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды ұлттық деңгейде әзірлейді және өздерінің ұлттық заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

Бұл халықаралық тәжірибеге сәйкес тараптардың қолданыстағы заңнамаларын жетілдіруге және қажетті жедел әрекеттерді қолдануға мүмкіндік береді. Әр тараптың мүдделері негізге алынады.

Жұмыс тобының және бас комитеттің отырыстарында заңның жобасы жан-жақты талқыланды. Барлық қойылған сұрақтарға жауап алынды.

Мәжілістің комитеттері түгелдей оң қорытындыларын берді.

Конвенция ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүдделеріне сәйкес келеді.

Осы заңның жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Жанат Абдоллаұлы.

Енді, құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ізмұхамбетов Бақтықожа Салахатдинұлына беріледі.

ІЗМҰХАМБЕТОВ Б.С. Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! Терроризм мен экстремизм бұл таралу шекарасы жоқ құбылыстар, террористік ұйымдар өз жұмысын барлық елдердің аумағында жүргізеді.

Қазіргі кездегі экстремизм мен терроризм қаржылық және адами ресурстармен үнемі нығайтуды талап ететін басқарылатын, тармақталған және ұйымдастырылған жүйемен сипатталады.

Сарапшылардың пікірінше, қазіргі уақытта халықаралық терроризм мен экстремизмнің күш-жігері таяу болашақта Орталық Азияға бағытталатын болады.

Және де жастарды өз қызметіне тартатын бірқатар экстремистік қозғалыстардың жандануы қазірдің өзінде байқалып отыр. Мәселен, зерттеушілер Сириядағы азаматтық соғыс және Таяу Шығыстағы ИГИЛ-дің өсуі өздерінің туған өңірінен тыс жерде зорлық-зомбылық экстремизмі мен зорлық-зомбылыққа қатысатын Орталық Азия тұрғындары санының артуына әкелді деген қорытындыға келді.

Бұған өмір сүрудің төмен деңгейімен ұштастырылған қолайсыз экономикалық жағдай ықпал етеді. Сонымен қатар өңірде орын алып отырған жұмыссыздық ең алдымен жастарға жоғары кәсіби біліктілігінің, жұмыс өтілінің жоқтығына және материалдық тұрғыдан тұрақсыздығына байланысты әсер етеді.

Сондай-ақ радикалданудың екі факторы ретінде, біріншіден, нақты және болжамды әділетсіздік немесе қоғамды аса келеңсіз жағдайға алып келетін сәтсіздіктерді атап өту қажет.

Екіншіден, зорлық-зомбылық мәдениетіне арналған құрал.

Жастар ортасы өзінің әлеуметтік сипаттамаларына және айналадағы жағдайды өткір қабылдауға байланысты жағымсыз наразылық әлеуетінің жинақталуы мен іске асырылуы неғұрлым тез болатын қоғамның бір бөлігі болып табылады.

Сондықтан конвенцияны ратификациялағаннан кейін азаматтардың экстремизмге саналы түрде қарсы тұруына бағытталған мәдени дәстүрлерді, рухани, адамгершілік және патриоттық тәрбиелеуді нығайту сияқты экстремизмге қарсы іс-қимыл шараларын жандандыру қажет деп санаймын.

Сондай-ақ 2018 жылғы 10-11 қазанда Астана қаласында өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VI съезінің қорытындысы бойынша қабылданған декларацияның 21-тармағында үкіметтерге жастарды радикалданудан қорғау мақсатында олармен жұмысты жандандыруға шақырған үндеу бар екенін еске салғым келеді.

Осыған байланысты қаралып отырған заң жобасын мақұлдауды және оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бақтықожа Салахатдинұлы.

Басқа талқылауға жазылған депутаттар жоқ. Сонымен, құрметті әріптестер, талқылау барысында бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 103, «жақтағандар» – 103. Шешім қабылданды.



*Дұрағо: Құжаттамалар қанаттамалары
Белгілі сектор негізіндегі.
Маман Н. Шайбағалов.*